

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 18 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На рассмотрение Сената вынесен Закон «О ратификации Соглашения о порядке обмена сведениями, входящими в состав кредитных историй, в рамках Евразийского экономического союза».

Сегодня любой резидент Евразийского экономического союза, хоть физическое лицо, хоть юридическое лицо, может взять кредит в банке второго уровня любой страны Евразийского экономического союза.

На 1 марта этого года 2 тысячи физических лиц и 42 юридических лица других стран Евразийского экономического союза имеют кредиты в наших банках на сумму около 120 миллиардов тенге. Это данные Национального Банка. Но вопрос обмена кредитными историями внутри стран Евразийского экономического союза не был урегулирован. Обсуждаемое соглашение устраняет этот пробел.

Для чего нужен обмен кредитными историями? Во-первых, это расширит доступ к банковским услугам для добросовестных заемщиков. Иными словами, им легче будет

получить кредит в банке любой страны Евразийского экономического союза. Во-вторых, это защитит банки. Банк сможет убедиться в надежности заемщика, тем самым снизит свои риски.

Соглашение содержит порядок обмена и перечень передаваемой информации, это запрос о предоставлении кредитного отчета, сам кредитный отчет, согласие субъекта кредитной истории, а также документы, касающиеся ее оспаривания. При этом все участники обязаны обеспечивать защиту получаемой информации.

Национальные регуляторы финансового рынка наряду с основными своими обязанностями будут формировать списки банков и иных кредитных организаций, уполномоченных на получение информации.

Непосредственно передачей информации между странами будет заниматься ограниченный список уполномоченных организаций. В Казахстане такими признаны два кредитных бюро – АО «Государственное кредитное бюро» и ТОО «Первое кредитное бюро».

В качестве канала передачи информации рассматривается Интегрированная система Евразийского экономического союза. Это межгосударственный инструмент для обмена данными и электронными документами.

В целом ратификация соглашения благоприятно отразится на экономике Казахстана.

По законопроекту от постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

Комитет по финансам и бюджету рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о порядке обмена сведениями, входящими в состав кредитных историй, в рамках Евразийского экономического союза».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкіліне.

Соңғы кезде біздің қоғамда жастар, студенттер және әскери қызметшілер арасында физикалық күш қолданып, денсаулығы мен өміріне қауіп төндіріп, төменгі курстағы білімгерлерге, әскери борышын жаңадан өтеуге келген сарбаздарға несиені мәжбүрлеп алдырту фактілері орын алуда.

«Займер», «Кредит 360», «Кредит-плюс», «Көке.kz», «Ақшамат», «До зарплаты» сияқты терминалдар, сайттар, қосымшалар арқылы онлайн форматта кредиттер мен қарыздарды күштеп алғызуда және бопсалау да бар. Осыған орай жастар арасында сабақтан, оқудан шығып кету, әскерден жалтару және тағы басқа келеңсіз жағдайлар мәжбүрлеп алынған несиелерге байланысты болуда.

Бүгінгі күні еліміздің екінші деңгейдегі банктері несиеленушілердің жасын 21 жасқа дейін кемітіп, шектеп, қаражат алғызбай отырса, микрокредиттік және қаржы ұйымдары бір ғана құжат – жеке куәлік арқылы кез келген азаматқа төлем қабілеттілігін тексермей кредиттер мен заемдарды бере береді. Осыған байланысты сұрақтар туындап отыр.

Шетелдік микрокредиттік ұйымдар біздің тұтынушыларымызға қаржылық қызметтер көрсету саласында өзара қарым-қатынастарды осы жағдайда қалай реттейді? Оларды жоғарыда аталған әрекеттерден қалай шектей аламыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Қизатов Олжас Төлегенұлы, жауап беріңіз.

ҚИЗАТОВ О.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Жаңа Сергей Алексеевич айтып кеткендей, осы келісімді қабылдасақ, несиеленушілер жақсы қазақстандықтар қарыз алушылардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің банктерінен несиеленушілерге мүмкіндіктері кеңейеді. Ал егер қаржылық жағдайы қиын болса, несиеленушілер мерзімін өткізіп алғандығы туралы ақпарат болса, олардың шетел банктерінен несиеленушілерге тыйым салынады. Сондықтан қаржылық жағдайы қиын азаматтардың несиелік борышының өсуіне осы келісіммен тыйым саламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителю Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка.

Уважаемый Олжас Төлегенович! Мы говорим о том, что ратификация данного соглашения придаст дополнительный импульс развитию трансграничного кредитования. Это важно для Казахстана. На сегодня количество физических лиц – резидентов стран Евразийского экономического союза, имеющих кредиты в казахстанских банках, составило более 1800 заемщиков, а количество юридических лиц – резидентов стран Евразийского экономического союза, имеющих кредиты в наших банках, составило 42 заемщика. Общий портфель кредитов составляет около 120 миллиардов тенге. Поэтому очевидно, что отношения между кредиторами и заемщиками должны быть урегулированы в полной мере.

У меня два вопроса.

Первый вопрос. Каким образом финансовые организации стран – членов Евразийского экономического союза будут осуществлять взыскание задолженности по кредитам с граждан Казахстана в случае возникновения таких ситуаций?

Второй вопрос. Не приведет ли ратификация данного соглашения к массовому кредитованию иностранцев в казахстанских банках? Будет ли обеспечена финансовая устойчивость наших банков в случае невозврата резидентами других стран кредитных средств? Спасибо.

ТӨРАҒА. Олжас Төлегенұлы, жауап беріңіз.

ҚИЗАТОВ О.Т. Спасибо за вопросы.

Действительно, по данным агентства, по состоянию на 1 апреля текущего года казахстанские банки выдали займы гражданам стран Евразийского экономического союза: 1869 физическим лицам на сумму 8,8 миллиарда тенге, 42 юридическим лицам на сумму 110 миллиардов тенге. Качество этих ссудных портфелей хорошее. По займам физических лиц доля неработающих кредитов (кредиты с просрочкой свыше 90 дней) составляет 5 процентов от ссудного портфеля займов, выданных физическим лицам – резидентам Евразийского экономического союза. По юридическим лицам доля займов с просрочкой кредита 90 дней в общем портфеле займов, выданных юридическим лицам, составляет меньше 10 процентов.

Отвечая на Ваш вопрос относительно взыскания, скажу, что это стандартная процедура, она одинаковая как для казахстанских банков, так для банков стран Евразийского экономического союза. То есть когда банки выдают кредиты, в первую очередь они смотрят на финансовую платежеспособность заемщика. Если финансовая платежеспособность заемщика хорошая, заемщик имеет достаточные доходы для того, чтобы без проблем обслужить свои кредиты, то банк может выдать кредит без залога. А если есть риски платежеспособности заемщика, то банк обычно берет залог. Этот залог в обязательном порядке должен быть в собственности самого заемщика.

Я не знаю точно практику в Российской Федерации, но я уверен, что, в принципе, процессы кредитования во всех странах одинаковые. Я думаю, что российские, белорусские и другие банки при выдаче займов гражданам Республики Казахстан в первую очередь оценивают финансовое состояние физического лица – резидента Республики Казахстан. Если есть определенные риски, то банк берет залог. При этом залогом может быть собственность как на территории Республики Казахстан, так и на территории той страны, где резидент Республики Казахстан берет этот кредит.

Практика взыскания, я думаю, одинаковая. Если заемщик допускает просрочку по кредитам свыше 90 дней, то у казахстанских банков, как и у банков стран Евразийского экономического союза, возникает право взыскать задолженность, соответственно, они взыскивают залог.

По вопросу относительно риска массовости выдачи кредитов нашими банками гражданам стран Евразийского экономического союза. Как Сергей Алексеевич сказал, в настоящее время действующее законодательство не ограничивает выдачи займов гражданам стран Евразийского экономического союза. Я уже привел статистику, казахстанские банки кредитуют граждан стран Евразийского экономического союза, в том числе юридических лиц.

Если мы введем, утвердим это соглашение, то, как сказал Сергей Алексеевич, это нормализует процесс выдачи кредитов. В данном случае у казахстанских банков появится важная информация о платежеспособности заемщика, которая нужна для принятия правильного решения относительно выдачи или отказа в выдаче займа.

Повторяю, принятие этого соглашения создаст основу для создания качественного кредитного рынка стран Евразийского экономического союза. Спасибо.

ТӨРАҒА. Уточняющий вопрос. Речь идет о выдаче займов только банками или микрокредитные организации тоже могут выдавать займы?

ҚИЗАТОВ О.Т. Микрокредитные организации тоже могут выдавать займы гражданам стран Евразийского экономического союза.

ТӨРАҒА. И будут иметь доступ к кредитным историям?

ҚИЗАТОВ О.Т. Да.

ТӨРАҒА. Олжас Толегенович, в целом у нас стратегическая задача (Вы активно участвует в ее решении) – это расширение кредитования экономики и уменьшение потребительского кредитования населения, которое за последние годы выросло в два раза, более 14 триллионов тенге в виде займов выдано нашим гражданам. Было немало историй, когда люди не могли обслуживать свои займы, возникали разные ситуации. И в этой связи по инициативе нашего Президента был принят Закон «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан» для того, чтобы снизить долговую нагрузку наших граждан.

И теперь, раз мы этот этап прошли, приняли закон, немножко снижаем долговую нагрузку наших граждан, физических лиц, которые набрали потребительских кредитов, ужесточаем требования к банкам и микрокредитным организациям. Все это Вы знаете, сами эту работу проводите.

У нас ужесточаем законодательство в рамках потребительского кредитования, а если наши граждане будут получать через микрокредитные организации займы в других странах, в соседних странах, это не будет приводить дальше к увеличению проблемных должников? То есть наше законодательство, когда мы идем на ужесточение по потребительскому кредитованию, и соответствующее законодательство в странах Евразийского экономического союза – неидентичные, там оно может быть более либеральным, я имею в виду в некоторых странах. С одной стороны, мы ограничиваем у себя какие-то формы займов, а с другой стороны, не открываем ли мы им возможность для того, чтобы те или иные проблемные должники набирали займы или пытались брать займы в других странах?

Пожалуйста.

ҚИЗАТОВ О.Т. Спасибо за вопрос, Маулен Сагатханулы.

Для того чтобы наши заемщики, которые в настоящее время испытывают временные сложности с обслуживанием кредита... Если мы обеспечим обмен кредитными историями, мы уменьшим им возможность получить кредит в странах Евразийского экономического союза. В настоящее время обмен кредитными историями осуществляется между казахстанскими банками. Понятно, если у физического лица сейчас есть

проблемный заем, он не может получить кредит в других банках и микрофинансовых организациях. При этом теоретически, поскольку обмен кредитными историями между странами Евразийского экономического союза не осуществляется, он может получить кредит в другом банке, в российском, белорусском, кыргызском и так далее.

Если мы сейчас в рамках принятия этого соглашения обеспечим обмен кредитными историями между странами Евразийского экономического союза, то нашему физическому лицу, которое сейчас испытывает временные сложности, снизим возможность получить кредит в банках других стран.

ТӨРАҒА. Понятно. В принципе, логично. Но в целом нам нужно, Олжас Толегенович, вести статистику, сколько наших граждан и организаций получают кредитов за рубежом. Насколько мы поняли, у вас нет такой статистики, вы не ведете по гражданам. В этой связи, раз такие соглашения мы сейчас принимаем, нужно и по гражданам вести статистику, чтобы мы в целом знали, сколько наших граждан имеют задолженность перед иностранными кредитными учреждениями. Я думаю, что такая статистика у нас должна быть на руках, при необходимости мы будем использовать ее в работе и поднимать какие-то вопросы.

Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Мой вопрос адресован докладчику – депутату Сената Карплюку Сергею Алексеевичу.

Согласно пояснительной записке соглашение подлежит ратификации в соответствии с подпунктом 2) статьи 11 Закона «О международных договорах Республики Казахстан». Вместе с тем подпункт 2) статьи 11 указанного закона предусматривает несколько оснований, при наличии которых международный договор подлежит ратификации.

Во-первых, это те договоры, выполнение которых требует изменения действующих или принятия новых законов.

Во-вторых, к ним относятся международные договоры, устанавливающие иные правила, чем предусмотрено законами Республики Казахстан.

Однако в пояснительной записке не уточняются конкретные основания. В этой связи поясните, пожалуйста, основания ратификации Парламентом соответствующего соглашения: оба основания либо одно из них?

И если требуется дальнейшее приведение национального законодательства в соответствие с соглашением, какие изменения ожидаются в предстоящий период? Благодарю.

ТӨРАҒА. Сергей Алексеевич, прошу ответить.

КАРПЛЮК С.А. Айнур Серикпаевна, данное соглашение подлежит ратификации именно в связи с необходимостью внесения изменений в наши законы:

во-первых, Кодекс об административных правонарушениях, который будет дополнен нормой об ответственности за несоблюдение сохранения банковской, коммерческой тайны, разглашение сведений, кредитных историй при трансграничном обмене данными кредитных бюро;

во-вторых, Закон «О кредитных бюро и формировании кредитных историй в Республике Казахстан», который будет дополнен понятием, что такое трансграничный обмен данными, в котором будут четко прописаны права и обязанности кредитных бюро при трансграничном обмене данными.

Данный пакет поправок на сегодня согласован со всеми государственными органами, в ближайшее время планируется внести в Парламент. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Сергей Алексеевич, присаживайтесь.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын іске асыруға және кредит тарихына өзара қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы трансшекаралық кредиттеуді дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Аталған келісім мүдделі ұйымдар мен Еуразиялық экономикалық одақ органдары арасында кредиттік есептердің трансшекаралық алмасу тәртібі мен шарттарын және негізгі тетіктерін айқындайды. Келісімде барлық тараптардың, уәкілетті ұйымдардың және кредиттік тарихты пайдаланушылардың трансшекаралық алмасу шеңберінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті белгіленген.

Келісім талаптары бойынша кредиттік есептермен трансшекаралық алмасу міндетті түрде жеке немесе заңды тұлғаның келісімімен жүзеге асырылады. Бұл ретте осындай ақпарат кредиттік қатынастарды ресімдеу немесе мониторингтеу мақсатында ғана беріледі.

Заңды іске асыру үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексіне Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің кредиттік бюролары арасында трансшекаралық ақпарат алмасу тәртібін бұзу мәселелері бойынша және «Кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтерді трансшекаралық алмасу ерекшеліктері мәселелері бойынша өзгерістер енгізу талап етіледі. Қазіргі таңда аталған түзетулер жобасын мүдделі мемлекеттік органдар өз құзыреттері шегінде әзірлеуде.

Келісімді ратификациялау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы ұйымдарына заңды және жеке тұлғаларға кредиттер беру кезінде өз тәуекелдерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Заңды қабылдау мемлекеттік бюджет қаражатынан қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Құрметті әріптестер, мен осы заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредиттік тарих қалыптастырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Сондай-ақ кредиттік тарихты алмасу және оны пайдалану жүйесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

Заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы ынтымақтастығын дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың қарауына 2016 жылы Исламабад қаласында жасалған «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң ұсынылады.

Бұл институт 2015 жылғы үкіметаралық ұйым ретінде құрылған. Оны құрған он бір мемлекет – Орта Азияның бес елі және Грузия, Әзербайжан, Моңғолия, Ауғанстан, Пәкістан, Қытай.

Задачи Института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества (коротко – Институт ЦАРЭС).

Во-первых, ЦАРЭС реализует проекты в области транспорта, энергетики, торговой политики, туризма, развивает сеть логистических коридоров, работает над модернизацией таможенных процедур и снятием на границе барьеров для людей, товаров и транспорта.

Инвестиции в эти проекты идут при поддержке таких организаций, как Азиатский Банк Развития, Европейский Банк Реконструкции и Развития, Международный валютный фонд, Всемирный Банк, ПРООН и другие.

Во-вторых, ЦАРЭС проводит исследования, предлагает новые идеи, подходы и решения для повышения качества реализации проектов ЦАРЭС.

Какие возможности для нас открывает ратификация соглашения?

Первое. Казахстан получит доступ к обширной базе знаний Института ЦАРЭС. Это результаты международных исследований, форумов, конференций.

Второе. Институт ЦАРЭС планирует финансировать казахстанские исследовательские проекты. Это безвозмездная техническая помощь.

Третье. Мы сможем открыть у себя филиал Института ЦАРЭС и быть ближе к его разработкам и активно в них участвовать. Это, безусловно, повысит наш научный потенциал.

Четвертое. Через исследования Института ЦАРЭС мы можем рассчитывать на приток инвестиций ЦАРЭС в нашу экономику. Это строительство автомобильных и железных дорог, прокладка новых линий электропередач, модернизация аэропортов, транзитных переходов и другие.

Для выполнения своих функций Институт ЦАРЭС содержится за счет добровольных взносов стран-членов и других средств.

Головной офис Института ЦАРЭС расположен в городе Урумчи. Китайская сторона выделила Институту ЦАРЭС офис на безвозмездной основе и оказывает финансовую поддержку для его работы и содержания.

Казахстан подписал соглашение в 2022 году и имеет статус наблюдателя. После ратификации станет полноправным членом Института ЦАРЭС.

Рассматриваемый сегодня закон ратифицирует соглашение со следующей оговоркой: «Члены персонала Института ЦАРЭС освобождаются от обложения налогами своих окладов и вознаграждений, выплачиваемых им Институту, за исключением граждан Республики Казахстан».

Ратификация соглашения не повлечет отрицательных политических, правовых, финансово-экономических и иных последствий, а также не требует дополнительного выделения средств из республиканского бюджета.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному закону не имеют.

Баяндалғанды ескере отырып Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті осы келісімді ратификациялау туралы заңды мақұлдауды ұсынады Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық институтын құру туралы келісімді ратификациялау Қазақстанның сыртқы саясатына сәйкес келетін уақтылы және негізделген шара болып табылады деп санаймын. Сонымен қатар келісімнің 23-бабының 1 және 2-тармақтарының нормаларына қатысты сұрағым бар. Мәселен, келісімнің 1-тармағы оған өзгерістер институтқа барлық мүшелердің консенсусы негізінде енгізілуі

мүмкін екенін және келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттама түрінде ресімделетінін белгілейді. Алайда осы баптың 2-тармағы институттың басқару органы ретінде әрекет ететін басқарушы кеңесіне келісімге өзгерістер енгізу бойынша институтқа мүше елдің ұсынысын қабылдау құқығын береді. Осы тармақта уәкілетті кеңес келісімге тиісті өзгеріс қабылдағаннан кейін институт бұл фактіні институтқа мүше барлық елдерге жолданған ресми хабарламамен куәландыратыны атап өтілген. Содан кейін тиісті түзетулер, егер басқарушы кеңес басқа мерзімдерді белгілемесе, осындай хабарлама жасалған сәттен бастап үш айдан кейін күшіне енеді.

Егер келісімге өзгерістер енгізу үшін 1-тармақ бойынша барлық қатысушы елдердің консенсусы талап етілсе, ал 2-тармақ бойынша келісімге түзетулер басқарушы кеңестің шешімі бойынша қабылданады делінген. Осыған байланысты 23-баптың 1 және 2-тармақтары арасында ішкі қайшылық бар-жоғын түсіндіріп өтсеңіз.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика вице-министрі Омарбеков Бауыржан Бақытұлы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Мұрат Болатұлы, келісімдегі 23-баптың 1-тармағында мүше елдердің шешім қабылдауда консенсусқа келуі туралы айтылған болса, 2-тармағында сол консенсустың рәсімделуі басқарушы кеңесте қабылданатын шешімдер екендігі көрсетілген. Егер 7-бапты қарайтын болсақ, 7-бапта сол басқарушы кеңестің құрамы әр елден тағайындалған бір-бір мүше екендігі көрсетілген, сондықтан басқарушы кеңесте әр елдің бір-бір мүшесі қатысып отыр. 23-баптың 1-тармағында шешімдер консенсус негізінде қабылданады делінген. Бұл жерде қарама-қайшылық көріп отырған жоқпыз, керісінше әр баптағы тармақтар бір-біріне сәйкес келіп отыр деп есептейміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Жалпы, заң жобасын қолдаймын, себебі келісім Қазақстанға Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтының толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік береді. Оның қызметі зерттеу жобаларын іске асыруға, мүше мемлекеттердің өңірлік ынтымақтастық процестеріне қатысуын кеңейтуге және олардың әлеуетін жақсартуға бағытталған. Осы орайда сұрағым бар.

Келісімнің 15-бабына сәйкес институт басқарушы кеңес мақұлдаған жағдайда қатысушы елдердің ерікті жарналары және басқа да қаражат есебінен өз функцияларын тиімді орындау үшін қажетті қаржылық және басқа ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс, яғни институт қаражат алмайды. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. Институттың жарна қорын арттыру мақсатында қандай да өзге қаржы ресурстары басқарушы кеңеспен мақұлдана алады?

Екінші сұрақ. Келісімде Азия даму банкі институттың басқарушы кеңесінің отырыстарында шешім қабылдау құқығынсыз мүше ретінде қатыса алады деп көрсетілген. Ендеше осы институттың негізгі мақсаттарына жетуде осы Азия даму банктің рөлі қандай? Осыны білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бауыржан Бақытұлы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы.

Мүше елдердің жарналары ерікті жарналармен және халықаралық қаржы ұйымдарының жарналарымен қалыптасады. Бұл жерде негізінен жеті ірі халықаралық қаржы ұйымы аталып отыр, олар – Азия даму банкі, Дүниежүзілік банк, Ислам даму банкі және тағы басқалары.

Азия даму банктің рөлі жөнінде. Жалпы, институт Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасы аясында Азия даму банкімен іске асып отыр, яғни Азия даму банкі негізін қалаушы болып отыр. Осы институттағы мүше елдерге семинарлар, конференциялар ұйымдастыру, зерттеу жұмыстарын жүргізу осы бағдарлама аясында Азия даму банктің қолдауымен іске асырылып отырады. Азия даму банкі осы институттың негізін қалаушы және институттың технологиялық, қаржылық қолдауларына қатысушы, бірақ шешім қабылдаушы емес. Сондай-ақ Азия даму банкі материалдық-техникалық қолдау білдіруші ретінде рөл атқарады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Бауыржан Бақытұлы, бұл дұрыс құрылым, дұрыс институт болады деп ойлаймыз. Осы институттың жұмысы Орта Азияның дамуына, Орта Азия елдерінің арасындағы және көрші мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуға өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Осы институттың филиалын Астанада немесе Алматыда ашу туралы жоспарларыңыз бар ма? Өйткені бізде де осы институттың филиалы болып жатса, ол біздің мүдделерімізді қорғап, оны ары қарай жылжытуға өзінің үлесін қосатыны анық. Осы бағытта қандай ойларыңыз бар? Соны айтып кетсеңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Келісім қабылданған жағдайда, өзіңіз айтқандай, алдағы уақытта Астанада немесе Алматыда осы институттың филиалдарын ашу бойынша жұмыстарды біз зерделейтін боламыз. Оған біраз тиянақты зерттеулер қажет. Сонымен қатар бюджеттен де қосымша шығыстардың қажет болуы ықтималдылығы бар. Сол тұрғыдан Үкімет ақылдаса отырып шешім қабылдайтын болады. Дәл қазір не болады, не болмайды деген нақты шешім жоқ. Шешім қабылданғаннан кейін бұл мәселе зерделенетін болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне.

Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру озық тәжірибемен алмасуға негізделген инновациялық шешімдерді қамтамасыз етуде және осы ұйымның бағдарламасы шеңберінде экономикалық ынтымақтастық процестерін іске асырудың оң рөлін атқаратыны сөзсіз. Сонымен қатар институт қызметіне қатысты келесі мәселелерді нақтылағым келеді.

Бірінші. Қазақстан өткен жылдың ақпан айынан бастап осы ұйымға байқаушы мәртебесіне ие болды. Осыған байланысты және осы келісімнің 3-бабының шеңберінде қазіргі уақытта ұйымның бағдарламалары мен істеріне және институттың басқарушы кеңесінің отырыстарына қатысу үшін Қазақстан Республикасының өкілі анықталған ба?

Екінші. Осы келісімнің 15-бабына сәйкес институт қызметін қаржыландырудың негізгі көзі мүше елдердің ерікті жарналары мен басқа да қаражаттарынан құралатындықтан келісімнің бұл ережесі негізінде донорлар тарапынан институт саясатына жанама әсерін тигізбей ме?

Осыған байланысты пікіріңізді білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бауыржан Бақытұлы, жауап беріңіз.

ОМАРБЕКОВ Б.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстанның осы ұйымға байқаушы болуы жөнінде. Жалпы, осы ұйымның рәсімдеріне сәйкес әр елден институттардың отырыстарына, конференцияларына қатысуға ұлттық үйлестіруші тағайындау қажет. Бізде өткен жылы Үкіметтің қаулысына сәйкес Ұлттық экономика вице-министрі Әбдікәрімов Абзал Әлиұлы тағайындалған, яғни біз өз тарапымыздан бақылаушы ретінде ұйымның отырыстарына, жұмыстарына қатысып отырмыз.

Екінші сұрақ бойынша. Мүше елдердің және халықаралық қаржы ұйымдарының қаржыларының есебінде жұмыс жасалады. Жоғарыда айтып кеткенімдей, шешімдердің барлығы консенсус негізінде бірауыздан қабылданады. Қандай да бір елдің қаржысының көп болғанына қарамастан, яғни көп қаржы құйып отырған елге ғана ыңғайлы шешімдер қабылдануға жол берілмейді деп есептейміз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Шәкәрім Сабырұлы, орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы заңның негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі айтып өтті. Заң Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығына мүше елдердің өңірлік ынтымақтастық процестеріне қатысуын кеңейтуге және өңірдегі жедел экономикалық өсу үшін бірлескен жобаларды іске асыруға мүмкіндіктер алуға бағытталғанын атап өткім келеді.

Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институты 2015 жылғы 15 наурызда Үрімші қаласында 2014 жылғы 6 қарашадағы Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасының 13-ші министрлік конференциясының шешімі негізінде ресми түрде ашылды.

Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтына мүшелік жарнаның көлемі ерікті болып табылатынын және дауыс беру құқығына ешқандай әсер етпейтінін атап өту маңызды. Барлық шешімдерді басқарушы кеңес барлық қатысушы елдердің консенсусы негізінде қабылдайды. Сонымен қатар аталған институтқа мүше елдер кез келген уақытта депозитарийге жазбаша хабарлама тапсыру арқылы институт құрамынан өз қалауы бойынша шыға алады.

Тұтастай алғанда, заңның қабылдануы Қазақстанға ғылыми жобаларды іске асыруға, мүше мемлекеттердің өңірлік ынтымақтастық процестеріне қатысуын кеңейтуге және олардың әлеуетін жақсартуға бағытталған институттың толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтының Қазақстан Республикасында филиалын құруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жергілікті ғылыми әлеует деңгейін арттыруға, қосымша жұмыс орындарын ашуға, бизнес-туризмді дамытуға әкеледі.

Құрметті әріптестер! Мен жоғарыда аталған заңды қолдаймын, сонымен қатар сіздерді оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, келісім Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтының құқықтық жағдайын, қызмет тәртібін, міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді.

Заң аймақтағы ғылыми-зерттеу мекемелері желісінің дамуына ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Сауалдар бар ма, әріптестер?

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Көлгіновке жолданады.

«Құрметті Алтай Сейдірұлы! «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында Қазақстан Республикасының Үкіметі экологиялық қасірет аймағы халқына медициналық мекемелерді ұстауға қаржы бөлу нормаларын бір тұрғынға шаққанда экологиялық апат аймағында 1,5 есе, экологиялық дағдарыс аймағында 1,3 есе ұлғайтуға кепілдік береді деп көзделген. Дегенмен жоғарыда аталған заңның 12-бабы соңғы уақытта Қызылорда облысы халқына көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеудегі тарифтерінде толық қолданылмай отыр. Бұл ретте салалық министрліктің тарифтерді регламенттейтін тиісті бұйрығы 2020 жылы қабылданып, өткен жылдың соңына дейін Қызылорда облысындағы медицина ұйымдарына жоғарыда аталған заң талабына сәйкес экологиялық коэффициенттер қолданылып келді. Алайда 2022 жылдың 5 желтоқсанында министрліктің аталған бұйрығына өзгерістер енгізіліп, белгісіз себептермен экологиялық коэффициент Арал, Қармақшы және Жаңақорған аудандарында заңда көзделген қаржы бөлу нормаларынан төмен бекітіліп отыр. Мысалы, 2023 жылға Арал ауданы бойынша бекітілген қаржыландыру көлеміндегі еңбекақы қорының көлемі 3,4 миллиард теңгені, оның ішінде экологиялық коэффициент бойынша үстемақы 990 миллион теңгені құраса, тарифтің өзгеруіне байланысты бұл коэффициентпен есептелген қаражат көлемі 666 миллион теңгені ғана құрап отыр, яғни бір ауданға есептелмей кеткен экологиялық коэффициенттің орташа айырмасы 30-35 пайыз аралығында болып отыр.

Нәтижесінде жоғарыда аталған аудандар бюджетіне 1 миллиардқа жуық қаражат кем түскен. Осының салдарынан медицина ұйымдарының бюджетінің құрамында еңбекақы төлеу қоры 86 пайызға дейін өсіп отыр, медициналық қызметті ұйымдастыруға жұмсалатын қаражат жұмыскерлердің жалақысы бойынша кредиторлық берешектерді болдырмау үшін айлыққа бағытталуда. Тиісті министрлікке жолданған сұрау-хатқа нақты жауап болмады.

Осыған орай, құрметті Алтай Сейдірұлы, бұл мәселе Сыр өңіріндегі 5 мыңға жуық медицина қызметкерлеріне қатысты екенін ескере отырып, медициналық қызметтерге ақы төлеу тарифтерін есептеуде «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын негізге алып:

- 1) министрліктің тиісті бұйрығындағы экологиялық коэффициенттерді шұғыл түрде қайта қарап, бұйрыққа өзгерістерді енгізуді салалық министрлікке тапсыруды;
- 2) берілмей қалған қаржы көлемдерін аталған медицина ұйымдарына өтеуді қарастыруды сұраймын.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен депутат А. Әлназарова».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Денсаулық сақтау министріне жолданады.

«Құрметті Ажар Ғиниятқызы! В пункте 83 Общенационального плана мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий» предусмотрено обеспечение к 2023 году уровня заработной платы медицинских работников в два раза выше средней заработной платы в экономике.

Как известно, за период с 2020 по 2022 годы ежегодно увеличивалась заработная плата медицинским работникам: врачам с 253 тысяч до 498 тысяч тенге, среднему медицинскому персоналу с 171 тысячи тенге до 290 тысяч тенге.

В 2023 году также повышается заработная плата врачам в среднем на 30 процентов и среднему медицинскому персоналу на 20 процентов, но данное повышение не в достаточной мере обеспечено финансами.

Средний рост фонда заработной платы работников медицинских организаций, оказывающих стационарную помощь, составил 21–25 процентов, при этом базовый тариф в среднем был увеличен лишь на 11,4 процента.

При проведении анализа финансирования на 2023 год выделенных средств хватит лишь 100 процентов на годовой объем заработной платы, 85 процентов на выплату налогов и других обязательных взносов, частично на приобретение медикаментов и 30 процентов на продукты питания. Остальные расходы, такие как коммунальные платежи, услуги связи, прочие приобретения остаются недофинансированными.

С прошлого года в Павлодарской области по медицинским организациям, оказывающим стационарную помощь населению, складывается сложная ситуация, связанная с недофинансированием фактически оказанных медицинских услуг. В результате кредиторская задолженность по медицинским организациям на 1 января 2023 года составила более 2,8 миллиарда тенге.

С января 2023 года произвели частичное закрытие кредиторской задолженности за счет авансирования Фондом социального медицинского страхования. Однако закрытие задолженности прошлых лет за счет авансирования дает временный эффект.

Таким образом, перерасчет тарифов на медицинские услуги, оказываемые в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, в системе обязательного социального медицинского страхования в 2022 году и в 2023 году не покрывает расходов предприятий в связи с ежегодным повышением заработной платы, увеличением цен на медикаменты и изделия медицинского назначения.

В связи с перераспределением источников финансирования по пакетам гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования в первом квартале текущего года сложилась неблагоприятная финансовая ситуация в работе медицинских организаций. Так, перераспределение источников финансирования оказывает огромное негативное влияние на госпитализацию пациентов. Медицинские организации вынуждены отказывать пациентам в плановой госпитализации, так как при перевыполнении месячного плана финансирования за счет превышения плановой суммы договора применяется линейная шкала, то есть снимаются денежные средства, сверх плана оказанные медицинские услуги остаются неоплаченными. Это ведет к еще большему снижению объемов плановой госпитализации, увеличению экстренной госпитализации и росту смертности.

Таким образом, прямое ограничение деятельности медицинских организаций планами финансирования в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи ведет к ограничению в получении населением своевременной медицинской помощи, уменьшает объем и спектр оказываемых услуг, вызывает недовольство со стороны населения.

В этой связи для выхода из сложной финансовой ситуации Министерству здравоохранения необходимо пересмотреть тарифы на медицинские услуги с учетом ежегодного роста заработной платы, повышения стоимости медикаментов, прочих услуг, а также рассмотреть применение поправочных коэффициентов к регионам с малочисленным населением.

С уважением, депутаты Айткенов, Нухулы».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылқәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалымды Премьер-Министр Смайыловқа жолдаймын.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бүгінгі таңда ауызсу әлемдік мәселеге айналып отырғаны баршамызға аян. Халқымыз «су тіршіліктің көзі», «судың да сұрауы бар» деп ішетін суына ізет көрсеткен. Қара судың қадірі кімге болса да маңызды.

Соңғы жылдары су қоймаларындағы балықтардың жаппай қырылуы мен ауызсу сапасының төмендігі жайлы көп айтылып жүр. Себебі еліміздегі көптеген су айдындарының суы не ішуге, не өндіріске жарамсыз деп табылып отыр. «Казгидромет» мамандары елдегі 130 су нысаны, оның ішінде 84 өзен, 29 көл, 13 су қоймасы, 3 канал және 1 теңіз суының сапасын тексеру барысында 107 су нысанының 40 өзені мен су қоймасының сапасы ең төменгі санаттар қатарына жатқызылған, оның ішінде 33-інде ластану деңгейі өте жоғары деген баға берілген, яғни бұл дегеніміз өзендер мен су қоймаларының суы пайдалану түрлеріне мүлдем жарамсыз болғаны. Ластанудың негізгі себебін мамандар табиғи-климаттық және антропогендік факторлармен байланыстырады. Су бассейнінің ластануының негізгі себептері – тазартылмаған суларды өзен-көлдерге жіберу. Бұған жол беретіндер – өнеркәсіп орындары, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтар, ауыл шаруашылығын химияландыру және халық шаруашылығының басқа да салалары. Яғни, әртүрлі шаруашылық бағыттағы кәсіпорындардан шығатын қалдық сулардың су қоймаларына бейберекет ағызылуынан туындап отыр. Мысалы, Ақтөбе облысындағы Елек өзенінен алынған сынамалардан өзен суы ай сайын алты валентті хроммен қатты ластанғанын көрсеткен.

Өткен жылы Алматыдағы «Алтын орда» базары аумағында «Altyn Orda Qaz Trade Ltd» ЖШС-ін тексеру барысында шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдаланылатын су тарту құрылғысы табылғаны белгілі. Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органнан базарға арнайы су пайдалануға рұқсат берілмегені жайлы ақпарат белгілі болды. Тіпті су өлшеу аспаптары да жоқ болып шыққан. Ал

санэпидқадағалау мамандары базар аумағынан лас су Ақсай өзеніне төгіліп келгендігін де сол кезде ғана анықтаған. Міне, осындай нысандардың елімізде жоқ екеніне кім кепіл?

Жалпы, бүгінгі күнге дейін ауызсу тапшылығы, су дағдарысы себептері және тағы басқа суға байланысты бірқатар мәселелер көтеріліп жүр. Көтерілген мәселелер бойынша бірқатар жұмыстардың атқарылып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда бізді алаңдататын басқа мәселе – бар дүниеге зиян келтіретін, жауапкершілігі жоқ, қисыны келсе заңсыз, тегін пайдалану жолдарын іске асырып, үнемділікке көңіл бөлмейтін, қалдық суларды өзен-көлдерге аяусыз төгетін, жеке қалтасының пайдасын ғана ойлайтын өнеркәсіп орындары мен кәсіпорын объектілерін анықтау мақсатында жүйелі түрде бақылау және қадағалау жұмыстарының жүргізілуінің жеткіліксіздігі.

Сондықтан су ресурстарын тиімді пайдалану үшін бақылаушы-қадағалаушы органдардың жұмысын заңдық тұрғыда реттеп, шектеулер қоймай, жүйелі түрде тексерістер арқылы жоғарыда айтылған олқылықтар мен бұзушылықтарды анықтап, оның алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру керек. Сондықтан су ресурстарын басқару жүйесін, соның ішінде жоспарлау мен бақылауды ұйымдастыру бағытында жұмыстарды жетілдіру бүгінгі күннің сұранысы деп ойлаймын. Осыған байланысты су ресурстарын басқаруға жауапты уәкілетті органды күшейту мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды міндеттердің біріне айналуға.

Уәкілетті орган өзінің қазіргі түрінде су қауіпсіздігі мәселелерін тиімді шеше алмайды. Штаттағы қызметкерлердің аздығына байланысты су ресурстарын есепке алу, жағдайды талдау және даму болжамы сияқты функциялар, стратегиялық су шаруашылығын жоспарлау жүзеге асырылмайды. Осыған байланысты келесі шараларды қабылдау қажет деп санаймын.

Бірінші. Су ресурстары комитетінің және оның Су қорын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияларының штат санын ұлғайту. Уәкілетті органның жаңа құрылымы көптеген ағымдағы ұйымдастырушылық мәселелерді шешуден талдаудың, шешім қабылдаудың және орындаудың логикалық дәйекті жүйесі бар схемаға көшуге мүмкіндік беруі тиіс.

Екінші. Су ресурстарын пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілік деңгейін арттыру үшін су қорын пайдалану және қорғау саласындағы бақылаудың жаңа нормаларын қарастыру орынды. Мемлекеттік бақылаудың стандартты тәртібі су заңнамасының бұзылуына жедел ден қоюға мүмкіндік бермейді. Бұл іс жүзінде су пайдаланушылар тарапынан құқық бұзушылық дәлелдерінің жоғалуына, сондай-ақ бақылаусыз су алу және су объектілерінің ластануынан қайтарымсыз салдарға әкеп соғады.

Құрметті Әлихан Асханұлы, заңда белгіленген тәртіпке сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен депутат А. Толамисов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жолданады.

«Құрметті Роман Васильевич! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сегізінші сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуы барысында сөйлеген сөзінде: «Ауыл шаруашылығын қарқынды дамытуға қажетті жағдай жасау – мемлекеттің міндеті», – деп атап өткен болатын. Сондай-ақ Үкіметке азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруды тапсырды.

Азық-түлік тауарларының нарықтағы бағасы соңғы 15 жылда болмаған ең жоғары шегіне жетіп, инфляция деңгейі 21 пайыздан асқан уақытта бұл салада ширақ әрекет етіп, жерге жан бітіріп, шаруаларымыздың мол өнім алуына жағдай жасауымыз қажет.

Біздің депутаттық сауалымызға арқау болып отырған мәселе Түркістан облысына қарасты Отырар ауданының Шілік және Сауран ауданының Ескі Иқан ауылдық округтеріндегі ағын су бағасының қымбаттығынан туындауда.

Өңірдегі аудандар мен ауылдар Түркістан магистральды каналынан су алады. Аталмыш арна Түркістан облыстық «Тұран-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының теңгерімінде. «Тұран-су» мекемесінің су жеткізу қызмет ақысы 1 мың текше метр үшін 284 теңге 39 тиынды құрайды. Ал Ескі Иқан және Шілік ауылдық округтеріндегі арналар Түркістан магистральды каналынан бастау алғанымен «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгерімінде қалып отыр. Бұл ауылдардағы су бағасы 1 мың текше метр үшін 701 теңге 12 тиын.

Осы аумақтағы суарылатын жерлердің көлемі 30 мың гектарды құраса, соның 16 мың гектары «Тұран-су» кәсіпорнының тариф бағасымен, ал Ескі Иқан және Шілік ауылдық округтеріндегі 13 мың 800 гектар егінді суаруға «Қазсушар» кәсіпорнының бірыңғай жоғары тарифтік бағасымен төленуде.

Тұрғындардың 60 пайыздан астамы диқаншылықпен айналысып, күн көрісін егіншілікпен еңсеріп отырған ауыл халқына шарықтап тұрған су бағасы қиындық туғызуда. «Егіннің жайын еккен білер, арбаның жайын жеккен білер» демекші, «Қазсушар» кәсіпорнының удай бағасының құрығына іліккен шаруалар диқаншылықпен айналысудың тиімсіздігін, нарықтағы бәсекелестікке төтеп бере алмайтындарын алға тартуда.

Мәселенің ауқымын аңғару үшін Ескі Иқан ауылдық округі диқандарының биылғы бір айда тұтынған суының құны өткен жылдардағы жыл бойы тұтынған суының бағасымен тең болғанына мән беру керек.

Төңіректегі ауылдар арзан суды пайдаланып отырғанда, бір арнадан келетін суға 2,5 есе қымбат төлеуден қиналған шаруалар бағаның төмендетілуін күтіп, «Қазсушар» кәсіпорнымен келісімшартқа отыруды кешеуілдетуде. Есесіне «Қазсушар» кәсіпорны «Тұран-су» кәсіпорнына қажетті су көлемін көрсетіп сұраунама жолдамаған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылға дейін 600 мың гектар жаңа суармалы жерлерді айналымға ендіру бойынша бюджеттен миллиардтап қаражат жұмсалып отырған уақытта, еліміздің көптеген өңірлерін жеміс-жидек, көкөніспен қамтамасыз ететін құнарлы жерлерімізден айырылып қалу қаупі төнуде.

Құрметті Роман Васильевич! Жоғарыда аталған мәселенің өзектілігін ескеріп, төмендегі шараларды таяу арада атқару керек деп есептейміз.

1. Ескі Иқан және Шілік ауылдық округтерінің шаруаларына «Тұран-су» МКК-ның тарифтік бағасымен су беруді жолға қою.

2. Жоғарыда аталған ауылдардағы «Қазсушар» РМК-ның иелігіндегі ішкі арналарды «Тұран-су» МКК-ның балансына беруді қарастыру.

3. «Қазсушар» РМК-ға Түркістан облысындағы жоғары бағаны белгілеп берген Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі №41 бұйрығын қайта қарап, шынайы шығыстар аясында өңірге тиімді бағаны белгілеу.

Сізге депутаттық сауалдың толық нұсқасы жолданады.

Заңнамаға сәйкес жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз

Құрметпен депутаттар А. Сатвалдиев, Ә. Бектаев, М. Қадырбек». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев отмечает необходимость эффективного управления водными ресурсами, включая использование трансграничных рек. Целесообразность системного подхода в обеспечении комплексного потребления, безопасности и экологического баланса при использовании водного потенциала реки Иртыш является стратегически важным аспектом для различных отраслей экономики страны.

Гидроэнергетический потенциал реки Иртыш используется каскадом ГЭС, куда входят Бухтарминская, Усть-Каменогорская и Шульбинская гидроэлектростанции.

Водохранилище Бухтарминского гидроузла оказывает влияние на уровневый режим Иртыша на участке длиной порядка 1500 километров. Единая система Иртышского каскада обеспечивает работу водозаборных сооружений городов Усть-Каменогорск, Семей, Курчатов, Павлодар, канала имени Сатпаева, являясь главным источником водоснабжения для более 4 миллионов человек.

Процесс деятельности энергосистем, вопросы регулирования расходов воды при функционировании гидротехнических сооружений должны четко регламентироваться нормативными правовыми актами, правилами эксплуатации водохранилища (каскада водохранилищ) и требованиями. При этом с 2019 года в Казахстане отсутствует единый правовой алгоритм действий субъектов, эксплуатирующих стратегические объекты ГЭС, обусловленный спецификой функционирования каскада.

Режим использования водных ресурсов реки Иртыш с учетом взаимосвязанности и взаимообусловленности каскада трех водохранилищ не регламентирован. Разрозненно гидроэлектростанции не обладают информацией, необходимой для составления прогноза расходов в каскаде как в долгосрочной, так и краткосрочной перспективе. Не учтена

специфика деятельности ГЭС, работа которых затрагивает интересы смежных отраслей экономики. Отсутствие НПА, регламентирующих вышеуказанные аспекты деятельности каскада иртышских ГЭС, может вызвать глубокие экологические последствия и чрезвычайные ситуации в паводковый период и в период маловодья.

За последние семь лет объем Бухтарминского водохранилища снизился с 45 до 38 кубокилометров. За один сезон на испарение с акватории Бухтарминского водохранилища уходит объем, практически равный Шульбинскому. В текущем году вода отошла от берегов на 50-70 метров, что свидетельствует о рекордно низком уровне воды, который не наблюдался с 2012 года.

Отсутствие своевременного прогнозирования абразионных разрушений берегов и потерь земли по контуру каскада водохранилищ не позволяет определить интенсивность воздействия на береговую линию, что приводит к деградации земель в прибрежных зонах.

Недостаточный контроль за безопасностью паводкового водосброса на станциях каскада ГЭС в период таяния и дождевых паводков может привести к возникновению угрозы затопления населенных пунктов. При этом в зоне избыточного увлажнения подтопление влечет за собой негативные последствия, приводящие к заболачиванию земель и уничтожению свойственных им экосистем.

В связи с вышеизложенным, уважаемый Алихан Асханович, учитывая, что действие нормативных документов затрагивает интересы нескольких смежных отраслей, таких как водное, сельское хозяйство, отрасли энергетики и жилищно-коммунальной сферы, а также экологические аспекты деятельности, необходимо:

1) разработать правовую систему регулирования безопасности гидротехнических сооружений Верхне-Иртышского каскада водохранилищ с учетом порядка взаимоотношений водопользователей реки Иртыш, экологической безопасности существующих ГЭС и повышения их энергоэффективности;

2) принять действенные меры по реализации ряда программных документов, в частности, Национального проекта «Зеленый Казахстан» в части снижения необоснованных потерь пресной воды за счет испарения и фильтрации, истощения водных ресурсов с водохранилища Бухтарминской ГЭС;

3) на основании научных исследований по оценке ресурсов поверхностных вод необходимо уточнить прогноз безвозвратных отъемов части стока реки Черный Иртыш, рассмотреть возможность изменения водно-энергетических характеристик Верхне-Иртышского каскада ГЭС с целью повышения его энергоэффективности, разработать новые лимиты водопользования с учетом изменения климата и антропогенных нагрузок.

С уважением, депутат Сената Булавкина».

ТӨРАҒА. Спасибо.

Келесі сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Наш депутатский запрос касается развития отечественной обрабатывающей промышленности.

Комитетом по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству 26 апреля проведен «круглый стол» на эту тему, в рамках которого был выявлен ряд проблем и барьеров, сдерживающих развитие обрабатывающего сектора.

Первое. Экстенсивность и сырьевая направленность. Долгое время доля обрабатывающего сектора в ВВП страны составляла 10-11 процентов. И лишь в 2020 году этот показатель достиг 13 процентов, и то за счет сохранения высокой доли в металлургии.

Крупные недропользователи ориентированы на экспорт сырья и не заинтересованы в развитии переработки внутри страны. Из страны вывозится 87 процентов алюминия, 99 процентов меди, 77 процентов свинца. В целом за последние шесть лет экспорт металлов вырос на 35 процентов.

Второе. Низкий уровень локализации. В производстве доминируют импортное сырье и комплектующие. К примеру, несмотря на мощную господдержку, более 80 процентов потребности Казахстана в продукции машиностроения обеспечивается за счет зарубежных поставок комплектующих.

Доля импорта в фармацевтической промышленности составляет 63 процента, в мебельной – 55 процентов, в производстве электронной продукции – 40 процентов. Все это приводит к так называемой «ложной локализации», на которую указывал Глава государства.

Третье. Ориентированность на производство продукции низкого передела. В прошлом году была утверждена Методика оценки уровня передела товаров, которая вызывает много вопросов. Так, если мы относим к высокому уровню передела производство трансформаторов и лакокрасочных изделий, то развитые страны – летательные аппараты, вычислительную технику и оптические приборы.

Четвертое. Несовершенство индустриальной политики и механизмов господдержки. Свыше 60 процентов проектов, включенных в Карту индустриализации, имеют низкую и среднюю технологическую сложность. Более 20 процентов проектов не относились к обрабатывающей промышленности.

Более того, согласно данным отраслевого обзора Национального Банка, в четвертом квартале 2022 года загрузка более трети компаний в обрабатывающей промышленности не превышала 50 процентов. Считаем, что господдержку нужно акцентировать на предприятия, производящие высокотехнологичную продукцию.

Большая роль должна отводиться институтам развития, в частности Фонду развития промышленности. Обрабатывающая промышленность остается непривлекательной для финансовых институтов. По данным Фонда развития предпринимательства «Даму», в период с 2015 по 2021 годы доля кредитования отрасли в общем объеме займов, выданных банками, снизилась с 16,7 до 10 процентов.

По мнению руководителей предприятий обрабатывающей промышленности, заниматься производством в Казахстане невыгодно, так как они находятся в одинаковых условиях с торговой деятельностью.

Системной проблемой также является отсутствие тесной связи между уполномоченными государственными органами и предприятиями. Предприятия работают обособленно в поисках поставщиков для сбыта товаров. Ряд предприятий импортируют сырье, которое имеется на отечественном рынке.

Не на должном уровне работают офтейк-контракты, декларированные Законом «О промышленной политике». Крупные недропользователи не ориентированы на производителей.

Считаем, что Правительству необходимо принять меры по реальной трансформации обрабатывающей промышленности в одну из основ развития экономики. Для этого нами предлагается следующее.

Во-первых, внести поправки в Кодекс «О недрах и недропользовании», Закон «О промышленной политике» в части:

ориентирования недропользователей на реализацию части сырья на отечественном рынке на льготных условиях;

установления встречных обязательств для компаний, получивших господдержку или имеющих льготы в рамках специальных экономических и индустриальных зон;

трансформации деятельности Фонда развития промышленности в сторону стимулирования развития обрабатывающей промышленности;

введения реального механизма по обеспечению безбарьерного доступа отечественных производителей товаров, услуг, работ к закупкам крупных недропользователей;

акцентирования господдержки на предприятия, производящие высокотехнологичную продукцию.

Во-вторых, пересмотреть Методику оценки уровня передела товаров и привести ее в соответствие с реальным состоянием отраслей промышленности и экономики в целом.

О результатах рассмотрения депутатского запроса в соответствии со статьей 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим дать ответ в письменном виде в установленный законом срок.

С уважением, Буктугутов, Алдашев, Шайдаров, Каниев, Лукпанов, Наутиев, Нурмухамбетов, Рысбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі таңда Ақтөбе облысында орын алып жатқан экологиялық проблемалар шешуін кейінге қалдыруға болмайтын өзекті мәселе. Өйткені өңір экологиялық ластануы жағынан республикамыз бойынша алдыңғы бестікте. Өңірге іссапармен барған кездегі халықтың өтініші мен мұң-мұқтажы осы мәселемен тікелей байланысты болып отыр.

Ең басты экологиялық проблемаларының бірі – Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасының күкіртсутекпен ластануы.

Осы бойынша экология департаменті жүргізген мониторинг нәтижелеріне сәйкес күкіртсутек шығарындыларының негізгі көздері қалалық кәріз желілері, кәріз тазарту имараттары және кәріз сорғы станциялары екені анықталды. Ақтөбе қаласының кәріз тазарту имараттары 40 жыл бұрын пайдалануға берілген, яғни атмосфераның күкіртсутекпен ластануы кәріз желілерінің ескіруі мен сәйкес келмеуінен, сондай-ақ кәріз тазарту имараттарының тиімсіз қызметінен туындап отыр.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың үздіксіз жұмысын және қала халқының жыл сайынғы өсіміне сәйкес кәріз тазарту қондырғылары мен сорғы станцияларына жүктеменің артатыны анық.

Атмосфералық ауаны едәуір ластаушылардың қатарында «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ-ның филиалы Ақтөбе ферроқорытпа зауыты бар. Экология департаменті жүргізген тексерулер нәтижелері бойынша қоршаған ортаға лақтырылған зиянды шығарындылар шекті нормативтен асып түскені, «Дымқыл газ тазарту шламы», «отқа төзімді қалдықтар» және тағы да басқа өндіріс және тұтыну қалдықтарының дұрыс есепке алынбауы фактілері анықталған.

Облыс тұрғындарын толғандыратын тағы да негізгі мәселелердің бірі – Елек өзенінің алты валентті хроммен ластануы. Мәртөк ауданы Көкпекті елді мекені мен Ақтөбе қаласының іргелес аумағындағы Елек өзенінің суларын ай сайынғы жоспарлы тексеру кезінде алты валентті хром мен бор құрамының әртүрлі көрсеткіштері анықталды.

Сонымен қатар Алға қаласындағы қауіпті химиялық қалдықтарды жою бойынша сұрақ 2017 жылдан бері өз шешімін таппай келе жатқанын назарыңызға салғымыз келеді. Жобалық-сметалық құжаттама бойынша құны 7,7 миллиард теңгені құраған бұл мәселеге 2020 жылы 1,8 миллиард теңге бөлінген болатын. Дегенмен жоба іске асырылған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды және көтеріліп отырған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Үкімет тарапынан келесі іс-шараларды қабылдауды сұраймыз:

1) атмосфералық ауа ластануын шекті жол берілетін концентрация деңгейіне сәйкестендіру үшін қалалық кәріз желілерінде катализаторларды белсенді қолдануды қамтамасыз ету, республикалық бюджеттен қаржыландыра отырып жедел түрде жаңа кәріз тазарту имараттарын салуды қолға алу, міндеттемелерді орындауға қатысты өнеркәсіптік кәсіпорындарға бақылауды күшейту;

2) Ақтөбе ферроқорытпа зауытынан қоршаған ортаның ластануын болдырмау мақсатында арнайы тексерістер жиілігін арттырып, оның нәтижелері бойынша заң бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдарды қатаң қадағалау;

3) Елек өзенін хром мен бордан тазарту бойынша техникалық-экономикалық негіздемеге түзетулер енгізіп, кейіннен республикалық бюджеттен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу;

4) Алға қаласындағы бұрынғы С. Киров атындағы химия зауытының аумағында орналасқан қауіпті қалдықтарды жою бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу және осы құжаттамаға сәйкес жобаны іске асыру.

Құрметті Әлихан Асханұлы, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының

27-бабына сәйкес заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Б. Қаниев, А. Нұғманов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 18 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кредит тарихының құрамына кіретін мәліметтерді алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о порядке обмена сведениями, входящими в состав кредитных историй, в рамках Евразийского экономического союза», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы С.А. КАРПЛЮКТИҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 2

ҚИЗАТОВ О.Т. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары, заместитель председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка..... 3

ЕРШОВ С.М. 3

ҚИЗАТОВ О.Т. 4

АРҒЫНБЕКОВА А.С. 6

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения об учреждении Института Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ш.С. БҰҚТҰҒҰТОВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству БУКТУГУТОВА Ш.С. 8

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ҚАДЫРБЕК М.Б. 9

ОМАРБЕКОВ Б.Б. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, вице-министр национальной экономики Республики Казахстан 10

ҚАПБАРОВА А.Ж. 10

ОМАРБЕКОВ Б.Б. 11

АРУБАЕВ С.Қ. 11

ОМАРБЕКОВ Б.Б. 12

ҚАНИЕВ Б.Н. 12

Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С. 13

Депутат Е.Н. ӘЙТКЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А. Гиниятқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЙТКЕНОВА Е.Н. к Министру здравоохранения Республики Казахстан Гиният А. 14

Депутат А.Ғ. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Ғ. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

Депутат А.Г. САТВАЛДИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САТВАЛДИЕВА А.Г. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 17

Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 19


**Депутат Ш.С. БҰҚТҰҒҰТОВТЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БУКТУГУТОВА Ш.С. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А.20

**Депутат Б.Н. ҚАНИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КАНИЕВА Б.Н. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А.22

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің
басшысы



Г. Молдашева